

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігі
«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы» РММ



РГУ «Казахская
национальная консерватория
имени Курмангазы»
Министерства культуры и
информации Республики
Казахстан

ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

2025 жыл 30 маусым

күні / дата

Алматы қ.

ПОЛОЖЕНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

№ К-21-25

г. Алматы

Бекітемін
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық Консерваториясы» РММ
Ректоры Г. Тасбергенова
2025 жылғы «30» маусым № 12 хаттама



ФАКУЛЬТЕТ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Дайындады:			
Оқу-әдістемелік жұмыс және инклюзивті білім беру бөлімінің басшысы		А.Ж. Машимбаева	30.06.2025
«Аспаптық орындаушылық» факультетінің деканы		А.С. Бекенова	30.06.2025
Келісілді:			
Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор м.а.		А.С. Нусупова	30.06.2025
Тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор		Н.Т. Кулданов	30.06.2025
Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы		Н.А. Ертаева	30.06.2025
Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жөніндегі жобалық кеңсесінің басшысы		А.С. Сарымсакова	30.06.2025
Compliance officer		Г.М. Джагупарова	30.06.2025
Заң секторының басшысы		Д.Я. Мамедова	30.06.2025
Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. МІНДЕТТЕРІ.....	3
3. ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ ТӘРТІБІ	5
4. ФУНКЦИЯЛАР	5
5. ҚЫЗМЕТТІ РЕГЛАМЕНТТЕУ	6
6. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ.....	7
7. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	7
ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ.....	9
ТАНЫСУ ПАРАҒЫ.....	10

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы ереже факультет кеңесінің мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдық құрылымын, сондай-ақ әдістемелік, ғылыми, әлеуметтік-тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыруды жетілдіру және мамандарды сапалы даярлау жөніндегі қазіргі заманғы міндеттерге сәйкес құжаттаманы жетілдіру мақсатында құрылған факультет кеңесінің негізгі функцияларын, құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

2. Факультет кеңесі (бұдан әрі – ФК) өз қызметінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 77 бұйрығымен бекітілген «Мәдениет және өнер саласындағы білім беру ұйымдарының қызметі туралы ережелерін», Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі № 157 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы алқалы басқару органдарының жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын», ҚР ҒЖБМ нормативтік құқықтық актілерін, ҚР МАМ Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы РММ Жарғысын (бұдан әрі – Консерватория), 2025 жылғы 30 сәуірдегі Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Алқалы органы туралы» ережені, сондай-ақ 2025 жылғы 30 сәуірдегі Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Академиялық саясатын басшылыққа алады.

3. Факультет кеңесінің қызметіне жетекшілік етуді ФК төрағасы жүзеге асырады. Төраға, әдетте, тәжірибесі мол академиялық немесе қауымдастырылған профессорлар мен профессорлардың қатарынан ректордың бұйрығымен тағайындалады.

4. Факультет кеңесі (ФК) өз жұмысын кеңес отырыстары, жиналыстар, әдістемелік семинарлар, сондай-ақ ректордың жекелеген тапсырмаларын орындау арқылы ұйымдастырады.

2. МІНДЕТТЕРІ

5. Факультет кеңесінің (ФК) негізгі қызмет бағыттары мыналар болып табылады:

1) оқу, ғылыми және әлеуметтік-тәрбиелік үдерістердің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Кеңес қызметінің сапасын мониторингтеуді ұйымдастыру.

2) оқу орны шығаратын әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, оқу құралдарын және басқа да материалдарды жоспарлау, сараптамасын ұйымдастыру және баспаға ұсыну;

3) оқу үдерісін жетілдіру және оны әдістемелік қамтамасыз ету.

4) жұмысты ұйымдастыру мен жетілдіру және жаңа оқыту технологияларын енгізу бойынша озық тәжірибені жинақтау және тарату.

Ереже	Факультет кеңесі туралы ереже
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	10 беттің 3 беті

5) педагогикалық және ғылыми кадрлардың біліктілігін арттыру, қайта даярлау және аттестациялау жүйесін жетілдіру, сондай-ақ оқу үдерісінің мазмұнын талдау.

6) сапа менеджменті жүйесін дамыту және әдістемелік, ғылыми әзірлемелердің нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу.

7) оқу үдерісін ұйымдастыру және оның сапасын қамтамасыз ету мәселелері бойынша конференциялар, семинарлар және дөңгелек үстелдер ұйымдастыру және өткізу.

8) білім беру ұйымдарындағы әдістемелік, ғылыми жұмыстарды, әлеуметтік-тәрбиелік және концерттік-шығармашылық іс-шараларды үйлестіру.

9) білім беру ұйымдарында жаңа оқыту технологияларын, әдістері мен құралдарын енгізу және қолданыстағыларын жетілдіру бойынша жұмысты ұйымдастыру.

10) оқытушылардың әдістемелік бірлестіктерінің шығармашылық (тұрақты және уақытша) орталықтарының жұмысын ұйымдастыру.

11) оқытушылар құрамының әлеуетін жетілдіру жөніндегі Кеңестің жұмысын үйлестіру.

12) білім беруді дамыту және оны жүзеге асырудың басым бағыттарын айқындау мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу.

13) Консерватория кафедалары ұсынған ғылыми-зерттеу жұмыстарын (ҒЗЖ) оқу үдерісіне енгізу туралы актілерді қарастыру.

14) білім беру қызметкерлерін аттестаттауға қатысу.

15) оқу үдерісін ұйымдастыруды жетілдіру, сондай-ақ оқытушылар мен білім алушылардың педагогикалық, оқу-әдістемелік, ғылыми, әлеуметтік-тәрбиелік және концерттік-шығармашылық қызметінің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

16) Қазақстан Республикасының және шетелдердің жоғары оқу орындары мен басқа білім беру мекемелерінің оқу үдерісін ұйымдастыру және жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауды қамтамасыз ететін оқыту әдістемелері бойынша тәжірибесін зерттеу, жинақтау және тарату.

17) оқу-әдістемелік құжаттаманы әзірлеуге жұмыс берушілерді, сарапшыларды және тапсырыс берушілерді тарту.

18) туыс мамандықтар (оқыту бағдарламалары) бойынша дайындық жүргізетін білім беру ұйымдарының өзара байланысы мен қызметін үйлестіру.

19) жоғары және жоғарыдан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарын жетілдіру және оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңарту бойынша ұсыныстар әзірлеу.

20) оқу үдерісінің оқулықтар мен оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін мониторингтеу.

21) оқулықтар мен оқу құралдарының қолжазбаларын рецензиялау.

22) басқа жоғары оқу орындарының инновациялық тәжірибесін зерттеу.

Ереже	Факультет кеңесі туралы ереже	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		10 беттің 4 беті

23) қазіргі заманғы білім беру технологияларын енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу.

24) оқу үдерісін жетілдіру, озық тәжірибені тарату бойынша ұсыныстар беру, жоғары білім мәселелері жөніндегі конференциялар, семинарлар мен кеңестерді ұйымдастыруға қатысу.

25) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік тілдің дамуы мен енгізілуі бағдарламасын іске асыруға жәрдемдесу.

3. ҚАЛЫПТАСТРУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ ТӘРТІБІ

6. Факультет кеңесінің құрамына кафедра өкілдері, әдіскер-мұғалімдер, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, студенттер, магистранттар және докторанттар кіруі мүмкін.

7. Факультет кеңесінің құрамы ректордың бұйрығымен бекітіледі.

8. Факультет кеңесінің қызметіне басшылықты төраға – декан жүзеге асырады.

9. Факультет кеңесінің төрағасы – декан жылына бір рет Консерватория ректорына факультет кеңесінің қызметі туралы есеп береді.

10. Факультет кеңесінің мүшелері арасынан ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

11. Факультет кеңесінің жұмысы Консерватория ректоры бекіткен және Ректорат отырысында қабылданған жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі.

12. Факультет кеңесінің отырысы әр екі ай сайын кемінде бір рет өткізіледі.

13. Факультет кеңесінің отырысында қаралған мәселелер бойынша қатысқан мүшелердің көпшілік даусымен факультет кеңесінің ұсыныстары қабылданып, хаттамаға енгізіледі. Кеңес отырысының хаттамалары мен шешімдері төраға мен хатшының қолымен расталады.

14. Факультет кеңесі егер оның құрамындағы мүшелердің кемінде екі екінші бөлігі қатысса заңды болып табылады.

15. Әрбір факультет кеңесінің мүшесі барлық отырыстарға қатысып, кеңестің жұмысына белсенді араласып, жүктелген тапсырмаларды уақытында және дәл орындауы тиіс.

4. ФУНКЦИЯЛАР

16. Оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету және оны жетілдіру жұмысын басқару.

17. Оқу жоспарлары мен бағдарламаларын құрастыру, олардың мазмұнын жаңарту және пәндерді интеграциялау, сондай-ақ сабақ өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар мен жетекшіліктер әзірлеу бойынша ұсыныстар әзірлеу.

18. Ғылыми-әдістемелік конференциялар, көрмелер, семинарлар мен

Ереже	Факультет кеңесі туралы ереже
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	10 беттің 5 беті

кеңестерді ұйымдастыруға қатысу.

19. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (ары қарай – МЖМБС) жобаларын, оқулықтар, оқу құралдары және басқа да материалдарды әзірлеу бойынша тендерлерге қатысу үшін авторлық ұжымдарды қалыптастыру.

20. МЖМБС оқулықтар, оқу құралдары және басқа да жобаларды әзірлеу бойынша тендерлерге қатысу үшін авторлық ұжымдарды құру.

21. Әдістемелік әдебиеттерді басып шығару және қайта басып шығару бойынша жыл сайынғы перспективалық жоспарларды әзірлеу.

22. Жеке жоспарлар мен өкімдерде (бұйрықтарда) көзделген жұмыстардың орындалуын ағымдағы бақылау.

23. Ағымдағы ғылыми, шығармашылық, әлеуметтік-тәрбиелік және ұйымдастырушылық жұмысты жүргізу

24. Факультет кеңесінің отырыстарын өткізу.

25. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік стандарттарын, үлгілік оқу жоспарларын және білім беру бағдарламаларын әзірлеу жұмыстарын ұйымдастыру.

26. Жұмыс оқу жоспарларын және пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларын (силлабустарды) талқылау және келісу.

27. Оқу пәндерін әдістемелік қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру.

28. Факультеттің ғылыми қызметінің стратегиясын әзірлеу.

29. Оқытушылар мен студенттердің гранттар, конкурстар мен конференцияларға қатысуына жәрдемдесу.

30. Факультеттегі ғылыми іс-шараларды (конференциялар, семинарлар, ғылыми-зерттеу жұмыстары конкурстары) ұйымдастыру.

31. Кафедралардың ғылыми қызметінің тиімділігін бағалау.

32. Ғылыми жарияланымдар мен жобаларды сұрау бойынша сараптау.

33. Жас ғалымдар мен студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қолдау көрсету.

34. Факультеттегі тәрбие жұмыс жоспарын әзірлеу және іске асыру.

35. Академиялық топтардың кураторларының қызметін үйлестіру.

36. Азаматтық ұстаным, патриотизм және академиялық адалдықты қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру.

37. Тәрбиелік жұмыс және жастар саясаты бөлімдерімен ынтымақтастық жасау.

38. Тәртіп бұзушылықтар мен академиялық төмен нәтиженің алдын алу.

39. Жаңа түскен бірінші курс студенттерін бейімдеу жұмысы.

40. Бітірушілермен, жұмыс берушілермен және тәжірибе базаларымен өзара әрекеттесу.

5. ҚЫЗМЕТТІ РЕГЛАМЕНТЕУ

Ереже	Факультет кеңесі туралы ереже
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	10 беттің 6 беті

41. ФК өз жұмысын ректор бекітетін жыл сайын әзірленетін жоспарға сәйкес жүргізеді.

42. Факультет кеңестерінің жұмыс жоспарлары мен есептері СФ төрағасымен келісіліп, қол қойылады.

43. ФК-нің өкілеттіктері Ректордың өкімімен тоқтатылады немесе қайта жандандырылады.

6. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

44. Осы Ережеге өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар Ғылыми кеңес отырысында талқыланып, қабылданады немесе қатысқан мүшелердің кемінде 2/3 көпшілік даусымен күшін жояды.

45. Ережеге өзгерістер тек Құрманғазы атындағы Консерваторияның Ғылыми кеңесінің шешімімен енгізіледі. Бұл шешім оқу-әдістемелік жұмыс және инклюзивті білім беру бөлімі басшысының, академиялық мәселелер жөніндегі проректордың, ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық проректорларының, тәрбие және әлеуметтік жұмыс проректорының келісімі негізінде қабылданады.

46. Ережеге сектор функцияларына қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, бұл құжат қайта қаралуға жатады.

47. Ережеге өзгерістер енгізу сапа менеджменті жүйесінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады және «Өзгерістерді тіркеу парағында» міндетті түрде белгіленеді.

48. Ережеге енгізілген өзгерістер туралы хабарламалар Консерваторияның барлық кафедралары мен жауапты құрылымдық бөлімшелеріне жіберіледі.

49. Ереженің түпнұсқасы құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінде сақталады. Ереженің көшірмелерін Консерваторияның құрылымдық бөлімшелеріне тарату оқу-әдістемелік жұмыс және инклюзивті білім беру бөлімі арқылы жүзеге асырылады.

5. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

50. Осы Ереже – Консерватория қызметкерлерімен жұмыс істеудің ұйымдастырушылық қамтамасыз етілуінің бір бөлігі болып табылады.

51. Осы Ережеде факультет кеңесінің Консерваторияның жалпы құрылымындағы құқықтық мәртебесін, қызмет саласын реттейтін негізгі нормалар көрсетілген. Бұл нормалар өндірістік-шаруашылық қызмет барысында Консерваторияның ішкі нормативтік құжаттары мен әкімшілік ұйымдастырушылық бұйрықтары арқылы өзгертілуі, нақтылануы немесе толықтырылуы мүмкін.

52. Осы Ереженің орындалуына бақылау функциясы факультет кеңесінің төрағасына жүктеледі. Ол Ережені факультет кеңесінің мүшелері мен

Ереже	Факультет кеңесі туралы ереже
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	10 беттің 7 беті

Консерваторияның мүдделі қызметкерлеріне жеткізіп, орындалуын қадағалап, уақытылы жаңартылуын қамтамасыз етеді.

53. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Консерватория ректорының немесе басқа уәкілетті лауазымды тұлғаның бұйрығы негізінде «Факультет кеңесі Ережесінің» жаңа редакциясын шығару арқылы енгізіледі және Консерваторияның мүдделі лауазымды тұлғаларына жеткізіледі.

54. Осы Ереже оның бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және Консерватория ректоры немесе басқа уәкілетті лауазымды тұлға тарапынан белгіленген тәртіппен күшін жоюға дейін қолданыста болады.

55. Егер факультет кеңесі жойылса немесе «Факультет кеңесі ережесінің» жаңа редакциясы бекітілсе, осы Ереже құқықтық күшін жойып, жарамсыз болып табылады.

Ереже	Факультет кеңесі туралы ереже
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	10 беттің 8 беті

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]

Ереже	Факультет кеңесі туралы ереже	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		10 беттің 9 беті

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]